

Мерейтой – 85 жас

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ



Отандық заң ғылымының дарабозы, біртуар ғалым, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор **Баймаханов Мұрат Тәжі-Мұратұлы** жақында торқалы 85 жасқа толады.

Дәуірінің дарабозы, талай буынға ұстаз болған академик Мұрат Тәжі-Мұратұлының өнегелі өмірі кімге болса да үлгі. Әділдік пен адалдықтың ақ жолында жүрген заңгер болуды мақсат тұтқан ағамыз сол кездегі ұлы байтақ еліміздің ең таңдаулы жоғары оқу орны Мәскеудің М. В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіріп, бүгінгі күнге дейін ғылыми жұмыспен педагогикалық қызметті қатар атқарып, шәкірттерін ғылымға, өздері ұнатқан мамандығына адал қызмет етуге қажымай-талмай баулып келеді.

Қиын да қызықты өмір жолында биік парасат- пайымымен, адамгершілік пен имандылыққа толы асыл қасиеттерімен ерекшелене білген абыройлы азаматтың ғибратқа толы жолы кейінгілерге, жас ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген. Академик, мемлекет және қоғам қайраткері М. Т. Баймаханов даналықты, ұлылық пен ірілікті бір басына тоғыстыра білген жан. Оның өмір жолы, ғылым саласындағы жетістіктері, адами асыл бейнесі жан-жақты ашылып, кеңінен насихатталуы тиіс. Өйткені, Мұрат ағамыздың өмір жолы көпке өнеге.

Мұрат ағамыздың елден ерекшеленетін адами қасиеттері жетерлік. Әуелі ағамыздың адалдығы мен тазалығын, әділдігі мен имандылығын, кішіпейілділігі мен зиялылығын, құдай берген салмақтылығын, сабырлы мінезін, айтқан сөзіне тұрақтылығын айтуымыз керек. Жүрегі ұшқыр, ең әуелі қара басына қатал талап қоя білетіндігінің арқасында ол ірі ғалым дәрежесіне көтеріліп, ізденістер мен қиыншылықтарға толы күрделі жолдан сүрінбей өтіп, биік тұлғалы қазақ зиялыларының қатарына қосылды.

Академик М.Т.Баймахановтың есімін отандық ғылым мен жоғарғы мектеп зор мақтанышпен айта алады.

Мұрат Тәжі-Мұратұлының көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз және еліміздің нағыз ұлтжанды азаматы ретіндегі дара болмысы тәуелсіз Қазақстанды құрудың алғашқы жылдарында қылыштай жарқырай көрінді.

Ол еліміздің мемлекеттігін қалыптастыру және оның тәуелсіздігін тұғырлы етуде, мемлекеттік пен заңнаманың отандық жүйесінің негізінде жатқан ғылыми-теориялық идеялар мен ережелер кешенін жасауға өлшеусіз үлес қосты.

Адам баласының өмірінде қол жеткізген жетістіктері оның елге сіңірген еңбегімен өлшенбек. Табысты азаматтың жиған-терген дүниесіне, мал- мүлкіне емес, оның ұзақ жылдар бойы ел алдында абыройы мен адал еңбегіне, осыншама табысқа жету жолында танытқан табандылығы мен шынайы күресіне қарап өлшейміз, түрлі бағасын беріп жатамыз. Өйткені нағыз азаматтың еңбегін, тірлігін өзгелер байқайды, тиісінше айналасындағы жұрт әділ бағасын беріп жатады.

Ел үшін еңбек еткен, туа біткен табандылығымен таңдаған қызметінің тізгінін тік ұстай білген ғалым, академик Мұрат Тәжі-Мұратұлы Баймаханов 1933 жылы 1 қарашада Алматы қаласында туды. Оның әкесі – Зейнолла Сейтжанұлы Төреғожин Атбасар, Ақмола, Петропавл қалаларында Кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқан, РКП(б) ХІ съезінің делегаты болады, болыстық, уездік, губерндік және республикалық органдарда, оның ішінде ВЦИК жанындағы Қазақстанның өкілетті өкілі, КСРО совхоздар наркоматы аппаратында қызмет атқарған. 1937 жылдың ақпанында ҚазССР астық және малшаруашылығы наркомының бірінші орынбасары болып тағайындалады. Бірақ сол жылы, яғни 1937 жылдың маусымында, Жапонияның пайдасына шпиондық контрреволюциялық әрекет етті деген айыппен қамауға алынады.

З.С.Төреғожин КСРО Жоғары Сотының Әскери коллегиясының қаулысымен айыпталып, 1938 жылы 25 ақпанда атылады. Әкелері қамауға алынғаннан кейін оның отбасы қаладағы пәтерінен және мемлекеттік дачаларынан қуылады. Мұраттың анасы үш ұлдарымен Ұзынағаш селосына көшіп келуге мәжбүр болады. Онда Мұраттың анасының баласыз сіңлісі өз қамқорына алады, міне, осы жағдай Мұратты келешекте кездесетін қауіптерден аман алып қалады. Себебі, олар «халық жауы» ретінде репрессияға ұшыраған отбасының басына түскен барлық ауыртпалықтарды, әсіресе, барлық әлеуметтік шектелулерден зардап кешеді.

Мұраттың әкесі З.С.Төреғожин 1957 жылы 30 мамырда толық ақталады. Оның алдында әкесінің тағдыры туралы ізденіп жүрген Мұратқа КСРО Жоғары Сотының Әскери коллегиясының өкілдері екең айдауда жүрген жерінде қайтыс болды деп жауап береді. Тек 1992 жылы белгілі болғандай, Мұрат Тәжі-Мұратұлының әкесі Алматы түбіндегі Жаңалық селосында атылып, денесінің сонда жерленгеніне көзі жетеді.

Алғырлығы мен зейінділігінің арқасында Мұрат ағамыз Мәскеуге 1952 жылы барып, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, әкесі ақталған 1957 жылы оны «құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп, заңгер мамандығына ие болады. Оқу үлгеріміндегі озық нәтижелері үшін төртінші курстан бастап студент Мұрат Д. И. Курский атындағы арнаулы стипендия да алып тұрады.

Байтақ еліміздің астанасы Мәскеу Мұрат Тәжі-Мұратұлының өмірінде білім алумен қатар жеке басылық өмірінде де ерекше орын алды. Өйткені әрбір азамат өзінің өмірлік серігін, жарын табу ең басты арманы болатыны айдан анық нәрсе емес пе? Міне, осындай арманына әлі де студент бола жүріп Мұрат Тәжі-Мұратұлы да жетті деуге болады. Ол сол оқу орнында оқып жүрген Рауза Меңліахмедқызы Қонаевамен танысып, отбасын құрады. Қазіргі уақытта алпыс жылдан артық бақытты отбасылық өмір сүріп, балалары мен шөберелерінің арасында қызықты да, бақытты өмірлерін одан әрі жалғастыруда.

Жоғары оқуды бітірген жас жігіт еңбек өмірінің жаңа асуын асуға белін бекем буып, іске кірісіп те кетеді. Атап айтқанда, 1957 жылдан Қазақстанның Әділет министрлігінде екі жыл жұмыс атқарады.

Өмірінің жастық шағынан еңбекпен достасып, талай «халық жауының» отбасының зардаптарынан туған қиындықтарды еңсере білген Мұрат ағамыз ғылымның да қатал талабын абыр-жымай қарсы ала білді. 1959–1962 жылдары М. Т. Баймаханов КСРО Ғылым Академиясының мемлекет және құқық институтының аспирантурасына түсіп, оны бітіреді.

Мұрат Тәжі-Мұратұлының аспиранттық жылдары жеке адам мәселерін ақтап шығару нәтижесінде қоғам мен адам туралы ғылымдар тарихында жаңа тарау ашқан ғылым үшін берекелі

«жылымық» кезеңге дәл келді. Сол жылдардағы Мәскеу мемлекет және құқық институты – жеке адамның өзіндік жеткіліктілігі мен жоғары құндылығы идеясынан туындайтын кез келген шынайы либерализм сияқты, отандық либерализмнің қайта өрлеуінің ғылыми орталықтарының бірі болды. Ғылымда сақталған тексеріп қарау тәртібі ауызша жанрлардың көптігімен және айқындылығымен өтелді: институтта салтанатты жетістіктер кезінен ширек ғасыр бөлген идеялар, тұжырымдамалар, жобалар талқыға түсті.

Көпшілік жағдайда идеологиялық қызмет атқарған кеңестік мемлекеттік құқықтың жеке басқа табынудың мемлекеттік құрылысына көнгіш, сіресіп қалған соқыр сенімдегі ғылымға қарама-қайшы бір өзіне теориялық және қолданбалы қызметтерді табиғи түрде сиғызған «ымырашыл» мемлекеттану дами бастады да, ғалым мен азамат парызын адал маманның өз күшін толық пайдалануына тамаша жол ашты. Бұл жаңа бағыттың бастауында М. Т. Баймахановтың ғылыми жетекшісі, Мәскеу мемлекет және құқық институтының кеңестік мемлекеттік құқық секторының меңгерушісі, заң ғылымының кандидаты, нағыз ғалым, ерекше талант иесі В. Ф. Коток, осы секторда жұмыс істейтін айрықша демократиялық бағыттағы мемлекеттанушы ірі ғалымдар, профессорлар Н. П. Фарберов пен Ц. А. Ямпольская болды. Ұстаз-тәлімгерлер Қазақстаннан келген жас ғалымның талантын байқап, оның сирек кездесетін қабілетін кеңірек ашты.

Міне, осындай алдына үлгі болар ұлаты мол ұстаз ағалары болған Мұрат Тәжі-Мұратұлы Баймахановтың құқықтану әлемінің сыр-сипатын зерттеуде үлкен табандылық көрсетіп келеді.

Осындай ғылымға талғампаздық пен тілектестік жағдайында М. Т. Баймаханов шығармашылығының ойшылдық, теориялық басым жақтары – қоғамды адамгершілік, құқық пен демократия бастауында қайта құрудың ұтымды мемлекеттік құқықтық жолдарын іздестіру қалыптасады. Ғалым ізденістерінің ерекшелігі – әр мәселені кешенді түрде зерттеуі, ұсақ-түйекке бойын аудармай, проблеманы даму негізі мен өзекті заңдылықтары, одан шығатын ғылымға керек тұжырымдар, концептуалды қорытындыларды іздеді.

Мұрат Тәжі-Мұратұлының құқықтанудың түрлі салаларынан хабар берген еңбектерге толы, оның шығармашылығына тұтастық пен құрылымдық ой қисындылығын берген жұлдызды жолы осындай.

Бүгінгі академик М. Т. Баймахановтың сол кезде көпшіліктің назары ерекше ауған және де қоғамдық өмірді демократияландыру мен жақсартудан үміт диссертациясына «Еңбекшілердің қоғамдық ұйымдарының мемлекеттік органдары қызметін жүзеге асыру тәжірибесі» деген тақырыпты тандап алды. 1963 жылы диссертациясын ойдағыдай қорғап, республика Ғылым академиясының философия және құқық институтына қызметке кіріседі.

1973 жылы Алматыда қазақ жоғары оқу орындарының бірден-бір шаңырағы Қазақ мемлекеттік университетінде «Противоречия в развитии правовой надстройки социального общества и пути их преодоления» тақырыбында Мұрат Тәжі-Мұратұлының кандидаттық диссертациясына жетекшілік жасаған мәскеулік ірі, танымал ғалым В.Ф.Котоктың тағы да жетекшілігімен докторлық диссертациясын қорғады. Одан әрі М.Т.Баймахановқа ғылымға даңғыл жол ашылды: 1975 жылы ҚазССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, ал 1983 жылы – академигі болып сайланды. 1993 жылы профессор атағын алды. 1996 жылдан Қазақстан Республикасы жаратылыстану ғылымының академигі, 2000 – еуропалық құқық Академиясының мүшесі (Будапешт, Венгрия).

М. Т. Баймахановтың 1957 жылдан бергі еңбек жолы Ұлттық Ғылым Академиясының философия және құқық институтымен байланысты: кіші және аға ғылыми қызметкер, ғалым хатшы, бөлім бастығы, ғылыми жұмыс бойынша директордың орынбасары, институт директоры қызметтерін атқарды.

1992–1995 жылдары Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының төрағасы, кейінгі жылдары «Қайнар» университетінің проректоры және «Әділет» АЗ ЖҚМ ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, ҚазГЗУ ғылыми сараптама және талдау институтының директоры, «Қазақстандағы құқықтық реформа» журналының редакторы қызметтерін атқарған.

Академик М. Т. Баймахановтың ғылыми ізденістері негізгі екі бағытта дамып келеді: біріншісі – мемлекеттік құқық пен кеңестік құрылыс, конституциялық құқық, екіншісі – құқықтың жалпы теориясы, 70-жылдардың соңынан бері белсенді түрде саясаттану мәселелерімен айналысып

келеді. Ғылыми қызметтің өзі таңдаған негізгі екі саласында М. Т. Баймаханов бұрынғы Одақ көлемінде жетекші ғалымдарының қатарына көтерілді.

М. Т. Баймахановтың ғылыми қызметінің екі негізгі бағыты бар: номенклатуралық аз топ үстемдігінің жаппай билігіне қарсы тұрған кеңестік құқықтанудың демократиялық қанатының екі негізгі бастауының нәр алған ортасы мен қалыптасу жайы – ымырышалдық пен конституционализм. М. Т. Баймахановтың құқықтың жалпы теориясы, мемлекеттік және конституциялық құқық жөніндегі еңбектері бұған айқын дәлел бола алады.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы, құқықтық мемлекет құру өз бетінше да дамуға қабілетті жеке, бірлескен қатынастар мен шындық көріністерінен мемлекетті азат етуге және азаматтық қоғам тұтастығының жалпыға бірдей негізін мемлекеттің өз табиғатына тең келетіндей етіп айналдыруға байланысты. Түп негізінде кандидаттық жұмысынан алынған М. Т. Баймахановтың «Мемлекеттік органдар қызметінің қоғамдық ұйымдарға ауысуы туралы» деген алғашқы монографиясы (1965) шексіз билеушілік бастауларын қозғаған айтарлықтай маңызды зерттеу ғана емес, кеңестік тоталитарлық қоғамды ашуға арналған алғашқы еңбектердің бірі болды.

Кітапта авторға тән тыңғылықтылықпен ауқымды тәжірибе мен мөлшерлі материалға негізделген деректер бойынша сол жылдары талқыға көп түскен негізгі мәселелер: демократияландыру жағдайындағы мемлекеттік қызметтердің өзгеріске ұшырауы, өтпелі кез барысындағы мемлекеттік қызметтердегі басшылықты ауыстыру реті, қоғамдық ұйымдардың тапсырылған қызметтерді іске асыру тәсілдері қарастырылып, сол кезде көптеген теоретиктер мен практиктер қуаттаған шешімдер ұсынылды.

Автор Кеңестердің өкіметтің өкілетті органдары ретіндегі үлкен ролін қорғап, өздеріне тән емес қызметтерді іске асырған партия органдарының Кеңестер қызметіне араласуына, атқарушы биліктегі өкілетті мекемелердің жаппай қысымы мен жаншуына қарсы шығады. Кеңестер қызметіндегі халықтың өзін-өзі басқаруы мен бірлесіп басшылық жасау бастаулары, тікелей демократияның формалары ешқандай да дәріптеушіліксіз зерттеледі. Орталық және жергілікті мекемелердің өзара қарым-қатынасының мәселесіне байланысты жергілікті өзін-өзі басқарудың көптеген органдарының шын мәніндегі заңсыз әрекеттері аяусыз сынға алынады, жергілікті Кеңестер қарауына шаруашылық және мәдени құрылыстың көптеген мәселелерін тапсыру ұсынылады, төмендегі буындар күзіретіне жататын мәселелерді жоғары тұрған Кеңестердің тікелей қарау практикасын айыптайды. Қисынды айқындылықпен Кеңестердің ерекше күзіретіне конституциялық кепілдіктер енгізу қажеттілігі туралы ұсыныс жасайды.

М. Т. Баймахановтың ірі монографиялық жұмыстарының бірі құқық дамуының қайшылықтарын тұтасымен, сонымен қоса құқықтық санадағы, құқықтағы және оның іске асуы нысандарындағы қайшылықтарын зерттеуге бағытталған. Оның еңбектерінде құқық түсінушіліктің қазіргі проблемаларын ашу, тұлғаның әлеуметтенуінде құқықтың алатын орнын табу және азаматтардың жүріс-тұрыстары мен санасына құқықтық ықпал етуінің ролін анықтау мәселелеріне көп көңіл бөлінген. М. Т. Баймахановтың бірқатар жұмыстарында тұлғаның өмірлік қызметі үдерісіндегі құқық нормалары мен мораль нормаларының және адамгершілік нормаларымен өзара әрекеттену нысандары қарастырылған. Осындай идеялардың жалғасы М. Т. Баймахановтың кеңес дәуірінен кейінгі қоғамда құқықтық мемлекетті құрудың объективті қажеттілігін негіздеуге, оның статистік мемлекеттен айырмашылықтарын анықтайтын қасиеттерін ашып көрсетуге, оның нарықтық қатынастарға көшудегі бастауы мен қағидаларын бекіту жолдарын іздеуге, сондай-ақ құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның жүйелі құрастырушы белгісі ретінде – құқықтың үстемдігін көрсетуге арналған еңбектерінде көрініс тапты. Оның юриспруденцияда салыстырмалы әдістерді пайдалану және салыстырмалы құқықтану мен салыстырмалы мемлекеттану сияқты ғылыми пәндермен байланысы туралы мемлекет және құқық теориясының бірқатар түйінді әдістемелік кейбір мәселелерінің нысандарын пайымдау туралы жұмыстары да өзекті болып табылады.

Құқықтың жалпы теориясы жөніндегі ғалым-зерттеушінің қырықтан астам еңбегінде құқық санасының түрлі теориялық жайлары, құқық, мораль мен адамгершілік, құқықтың жеке адамды әлеуметтендіру рөлінің, құқықтық адамгершілік ағарту мен тәрбиенің және т.б. өзара әрекет ету мәселелері қарастырылады.

Құқықтың жалпы теориясы жөніндегі еңбектерде М. Т. Баймахановтың зерттелінетін объектілерге философиялық тұрғыдан ғалым ретінде байыпты келуі ерекше айқын байқалады. Бұл ретте оның «Әлеуметтік шындық көрінісінің ерекше формасы ретіндегі құқық» деген еңбегінде (1981) құқықтық идеология мен әлеуметтік-құқықтық психологияның қамтушы қызметі теориялық жағынан зерттеледі, шынайлық пен жалғандық категорияларының құқықтық нормаларға жарайтындығы туралы мәселені өзіндік шешу ұсынылады.

Бірнеше жылдар бойы М. Т. Баймаханов конституционализм проблемаларымен айналысады. Оның зерттеулерінде конституциялық нормалардың тікелей және жанама қатысты әрекет етуі, мемлекеттің Ата заңның құрылтайшы сипаты және жоғары заң күші, конституциялық және ағымдағы реттеудің өзара қатынасы сияқты сұрақтар қарастырылған.

М. Т. Баймахановтың бірқатар еңбектері заң жобаларын ғылыми сараптамалық зерттеуге арналған: құқықшығармашылық үдерісіне ықпал ету нысаны, заң нормаларындағы кемшіліктерді табу және олардың жою жолдарын табу, сараптаманың құқық шығармашылықпен кері байланысының ерекшеліктері, енгізілген өзгерістің дұрыстығын тексеру жолдары.

М. Т. Баймахановтың басылымдарының ішіндегі ең ірі және мемлекет және құқық теориясы бойынша таңдаулыларын атасақ: «Избранные труды по теории государства и права» (2003), «Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода» (1995), «Противоречия в развитии правовой надстройки при социализме» (1972).

Осы кітаптардың біріншісінде мерейтой иегерінің ғылыми қызметі кезеңіндегі заң ғылымының әдістемесі, Қазақстанның мемлекеттілігі және құқықтың даму кезеңдері, мемлекет функциялары және мемлекеттік органдардың функциялары, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам, конституция кеңестік дәуірден кейінгі Қазақстандағы құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде, тұлғаның санасына құқықтың әсер етуі, қазіргі кезеңдегі ұлттық құқық және халықаралық құқық нормаларының үйлесуі туралы негізгі тұжырымдар түйінделіп және бөлімдерде біріктіріліп, біртұтас шоғырланып баяндалады.

М. Т. Баймахановтың еңбектерінде құқық шығармашылықтың ғылыми тәжірибелік аспектілеріне көп көңіл бөлінген. Аталған маңызды қызмет түріне концептуальды тұрғыдан қарау туралы баяндамалар жасау барысында, норма шаруашылықтың сапасын көтеру құралы ретінде құқықтық мониторинг туралы жеке пікірін айту арқылы, Қазақстанның қоғамдық құрылымдары туралы заңнамасының дамуы өзінің жасаған концепциясының ерекшелігін тыңғылықты негіздеді.

Мерей той иегерінің бірқатар жарияланымдары кінәсіз азаматтарға қатысты қолданылған жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыратқан кеңес өкіметі саясатының сазайын тарттыруға, бұл шараның халыққа қарсы сипатын көрсетуге арналған. 2008 жылдың маусым айына дейін ол қазақстандық тарихи ағартушылық және құқық қорғаушы «Әділет» қоғамының президенті болған: оның жетекшілігімен бірнеше «Азалы кітаптар» («Скорби книги»), Қазақстандағы 1930-1950 жылдардағы жүргізілген саяси қуғын-сүргіндер сабақтарын қазіргі заманауи тұрғысынан қайта зерделеу туралы өткізілген бірқатар конференциялар материалдары жинақтары, сол кездегі уақытты көрген адамдардың естелік жинақтары жарыққа шыққан.

М. Т. Баймаханов ақталғандардың қиын-қыстау кезеңіндегі жағдайын жеңілдетуге байланысты тәрбиелік – насихаттаушы және өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға бастамашы болып, белсене ат салысқан азаматтардың бірі болып табылады.

Ерекше шығармашылық дарынын әкімшілік қабілеттерімен үйлесімді түрде ұштастыра білуінің өзі М. Т. Баймахановты ғылымның тамаша ұйымдастырушысы екенін хабардар етеді. Ол басшылық еткен бөлімдерде тәжірибелі және жас қызметкерлер біріккен тату шығармашылық ұжымдар қалыптасты, олардың көбі Мұрат Тәжі-Мұратұлының шәкірттері болды. Сол ұжымдардың қызмет тәсілінде басшының сирек кездесетін жеке тұлғасының белгілері байқалып, қызметкерлердің әрқайсысына ең жақсы адамгершілік және кәсіби қасиет еріксіз талап етілді. Ол мемлекеттік, конституциялық құқық, кеңестік құрылыс мәселелерін зерттеген кезде институтта әр жылдары Н. И. Акуевпен, С. Қ. Амандықовпен, А. К. Котовпен, М. А. Биндермен, Л. Т. Жанузақовамен, И. Қ. Қожабаевпен, Т. Ж. Құсманғалиевамен, Г. В. Нечи-тайломен, А. В. Розенцвайгпен, Р. С. Сәкиевамен бірге жұмыс істеп, құқықтың жалпы теориясы саласында М. М. Атановпен, А. У. Бейсеновамен, К. С. Біржановамен, Д. А. Булгаковамен, Л. М. Вайсбергпен, М. А. Ибрагимовпен, Е. К. Нупейісовпен бірге қызмет атқарды.

Енді Мұрат Тәжі-Мұратұлы Баймахановтың қайраткерлік қырларын айтатын болсақ, сөздің тура мағынасында қазақтарға тәуелсіздікті әкелердегі Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев төңірегіне тығыз топтасқан санаулы сардарлардың бірі болды. Ол тәуелсіздікке дейін және тәуелсіздікті ақиқатқа айналдыру жолында аянбай күрескен азаматтардың бірі және бірегейі. Кейіннен еліміздің егемендігі жарияланған соң тәуелсіз елдің заңнамалық тұғырнамасын жасауда ерекше еңбек сіңірді.

Танымал ғалымның еліміз тәуелсіздік алған тұста мемлекеттанушы – заңгерлік, ғалым-қайраткерлік қыры мен таланты, шынай елжандылық сезімі, ерекше патриоттық рухының биіктігі жарқырап көрінді. Оған айғақ оның 1992 жылы Қазақстан Республикасы Конституциялық Сот төрағасы болып сайлануы оның тамаша қасиеттері мен еңбектерін танудың жоғары белгісі болып қана қоймай, адам мен әлеуметтік рөлдің сәйкес келуінің, Конституциялық Сотта республиканың абыройы мен намысын қорғай білудегі ерекше білімділігі мен қабілітінің айқын мысалы болып табылады. Осындай бірден-бір ең жоғары мемлекеттік қызметте ол елімізде конституциялық заңдылықты бекітуде, жалпы сот билігінің рөлі мен құзыретін көтеруде, ҚР Конституциялық Сотының қызметін ұйымдастыру мен бағыттарын анықтауда көп жұмыстар атқарды. Бұл орган, шын мәнінде, Қазақстан тарихында бірінші рет нормативтік құқықтық актілер жүйесінде Ата заңның басымдылығын және үстемдігі мен басымдылығын іс жүзінде қамтамасыз етті.

Конституциялық Соттың төрағасы бола жүріп, М. Т. Баймаханов ғалым бола қала берді. Өзі ғылыми жұмыспен айналыса жүріп, ол атаулы жоғары органда заңнамаларды талдауда еңбектің ғылыми түрде ұйымдастырылуы мен ғылыми әдістерді енгізуге тырысып бақты. Соттың жанында теоретикалық семинар ұйымдастырылып, жылына бірнеше рет онда өзекті конституциялық теоретикалық және практикалық мәселелер бойынша әртүрлі хабарламалар тыңдалып отырылды. Теоретикалық семинар судьялардың және аппарат қызметкерлерінің кәсіби білімділігін арттыруда, кейбір өзекті ғылыми-практикалық мәселелерді ұжым болып талдауда көп жұмыстар атқарды.

ҚР Конституциялық Соты төрағасы ретінде М. Т. Баймаханов өзін басқарудың демократиялық стильдегі басшысы, парасатты саясаткер, конституциялық құқық саласында сезімтал және беделді маман ретінде көрсетіп, Ата заңды, адамдардың құқығы мен еркіндігін сақтауда адал және дәйекті қорғаушы екендігін танытты.

М. Т. Баймаханов әрдайым республикамыздағы заң шығарушы және нормативтік құқықтық актілерді дайындау қызметіне белсенді қатысады. ҚазССР 1978 жылғы, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституцияларының жобасын дайындаған жұмысшы және сараптамашы топтарының құрамына кірген, халық депутаттары аудандық Кеңестері туралы, қаладағы халық депутаттары аудандық және қалалық Кеңестері туралы Заңдардың жобаларын жасау жөніндегі комиссияларды басқарды, республика Жоғарғы Кеңесіне сайлау туралы және республика Министрлер Кабинеті туралы Заңдардың жобалы жөніндегі үкімет комиссиясының құрамына енді, «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» заңның жобасын дайындау бойынша жұмысшы тобының жетекшісі болды. 2008 жылы ҚазГЗУ профессорлары тобы бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл туралы» заңның жобасын дайындауға қатысты.

Азамат ретінде Мұрат Тәжі-Мұратұлы қуғын –сүргін зардабын басынан кешірген отбасының мүшесі бола отырып, осы мәселеге көп көңіл аударды. Ол жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға арналған заңнамаларды дайындауға, оларды есте сақтауға арналған қоғамдық жұмыстарға, Алматы облысы, Іле ауданы, Жаңалық аулында саяси құрбандарды еске қалдыруға арналған мемориалдық кешенді ашуға белсенді қатынасты.

Өзінен-өзі түсінікті, бұл бүкіл қоғамды толғандыратын мәселеге Мұрат Тәжі-Мұратұлы жайбарақат қарамады, өзінің осы тақырыпқа арналған көпсериялы мақалаларында бұл мәселені терең зерттеуге өзінің зор үлесін қосты.

Шығыс халықтарында «Адам дана жүректі және игілікті ақыл иесі болу керек» деген мақал бар. Мұрат Тәжі-Мұратұлы бүтіндей өмір жолында осы мақалдың қағидатын ұстанды.

Мұрат Тәжі-Мұратұлы – биік зиялы адам, оның әрбір жүйке тамыры оны гүлденген ізгілікті өмір жолына бастады, оның бүтіндей болмысын имандылық және рухани құндылықтарымен толыстырып, әділдік, парыз, ар, намыс, абырой, жауапкершілік, тәртіп, сол қасиеттердің өзегі

болды. Ол дегеніңіз, өмірдің тынымсыз ағысының, шығармашылық та дарынды тұлғаның тіршілігінің қуатты арқауына айналды.

Білікті басшы, шебер ұйымдастырушы ғылыми кадр дайындауға да ерекше мән берді.

М.Т.Баймаханов Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы философия және құқық институты жанындағы және ҚазГЗУ жанындағы заң ғылымдарының докторы дәрежесін қорғау жөніндегі арнайы диссертациялық кеңесті 12 жылға жуық басқарды.

Мұрат Тәжі-Мұратұлы 9 докторлық жұмыстың ғылыми жетекшісі болды (А.К.Котов, А.А.Матюхин, Р.Х.Макуев, Р.А.Подопригора, Е.М.Абейдил-динов, Ж.Д.Бұсырманов, т.б.). Ол 70-тен аса заң ғылымдарының канди-даттарының жетекшісі болды, оның ішінде Н.И.Ақуев, А.У.Бейсенова, Ж.Д. Бұсырманов, Г.С.Жусупова, М.С.Досымбеков, М.А.Ибрагимов, В.А.Калюжный, В.Г.Ким, А.К.Котов, А.Күнтлеуов, Г.П.Лупарев, Р.Х.Макуев, А.А.Мо-чанов, Е.К.Нұрпейсов, А.В.Розенцвайг, Р.С.Сакиева, К.Сәтбаева, Л.А.Сахи-пова, Н.П.Скачкова, Л. В.Сокольская, Н.Х.Чонова, З.Е.Шереметьева, т.б.

М. Т. Баймаханов Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комиссиясының (ЖАҚ) заң ғылымдары бойынша эксперттік кеңесінің төрағасы болды. Көп жылдар ҚР білім және ғылым министрлігі мемлекет және құқық институтының заң ғылымдары бойынша докторлық диссертация қорғайтын кеңестің төрағасы және мүшесі, әл-Фарбаби атындағы Қазақ ұлттық университетінің саясаттану ғылымы бойынша докторлық диссертация кеңесінің мүшесі, Қазақ гуманитарлық-құқық университеті, «Әділет» Жоғары мектебі және Қазақ академиялық университеттердің біріккен докторлық диссертация қорғау кеңесінің төрағасы болды. Қырғыз мемлекеттік университеті жанындағы кандидаттық диссертациялар қорғаудың салааралық кеңесінің мүшесі де болды. ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының эксперттік кеңесі мүшесі болып қызмет атқарды.

Талантты ғалым, ұстаз ретінде академик М. Т. Баймахановтың білікті ғылыми мектебі қалыптасты. Академиктердің шәкірттері бүгінде беделді үкімет басқару, министрлік, ведомстволық басшылығында, бірқатары жоғары оқу орындарында жетекшілік етуде, ғылыми мекемелерде, ғылым жүйесінде лауазымды, профессор, доценттік дәрежеде қызмет атқаруда.

М. Т. Баймаханов ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізумен ғана шектелген жоқ. Зерттеу жұмыстарын ғылыми-педагогикалық, ұйым-дастырушылық – тәрбие және оқу-әдістемелік қызметтермен ұштастыра білді.

Оның бұл қызметі бір жоғары орнымен шектелмейді, себебі мұндай талант иесінің, орасан зор білімі – жалпыұлттық мәні болуы тиіс.

1995 жылы еліміздің жаңа Конституциясы қабылданып, күшіне енгеннен кейін, Конституциялық Сот таратылып, оның орнына Конституциялық Кеңес жұмысқа кіріскеннен кейін Мұрат Тәжі-Мұратұлы «Қайнар» университетінің проректоры болып қызмет атқарды және біраз жыл осы университеттің профессоры болады.

1996 жылы ол «Парасат» атты Қазақ академиялық құқық институтының негізін қалаушылардың бірі болы.

Профессор М.Т.Баймахановтың педагогтық қызметінің біраз бөлігі республиканың құқық саласында мамандар дайындаудың орталықтарының бірі болған «Әділет» Жоғары мектебінде болып, оның ғылыми жұмысы жөніндегі проректоры, профессоры болуы. Сонымен бірге бір уақытта Қазақ мемлекеттік құқық университетінің профессоры қызметін де атқарды.

2005 жылдан Мұрат Тәжі-Мұратұлы осы университетке біржолата ауысып, жаңа астанамызға қоныс аударды. Мұнда ол теория және мемлекет тарихы, құқығы кафедрасының меңгерушісі, ал 2008 жылдан осы университеттің ғылыми экспертиза және талдау Ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқарды. Ол басқарған институт ҚР Әділет министрлігінің тапсырысы бойынша Парламенттен бастап жергілікті атқарушы органдардың нормативтік актілеріне ғылыми экспертиза жасаумен шұғылданды.

Кафедра меңгерішісі бола жүріп, Мұрат Тәжі-Мұратұлы өз әріптестерімен қашанда жақын қарым-қатынаста болып, ол өз қызметінде жоғары ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті, ақ көңіл жайдары мінезімен бірқалыпты қарым-қатынас жасай білуі мен білімділігімен үлгі бола отырып, өзі басқарған кафедра ұжымын заң ғылымының қазіргі өзекті мәселесі бойынша студенттерге, магистранттарға, аспиранттарға, докторанттарға тереңдете білім беруге қол жеткізді, осы мақсатты ең жоғары талап деңгейінде қалыптастырды. Педагог ретінде студенттер алдында дәріс оқу,

олармен азаматтық – ұлттық-мемлекетшілдік тәрбие жүргізу мүмкіншілігін қалт жібермеді. Ол оқу, тәрбие, ғылыми жұмыстар бағытын ұйымдастырушы және іскерліктің тиімді үлгілерін ұсына білетін белсенді басшы ретінде көрінді.

М. Т. Баймаханов көп жылдар қосалқы қызмет ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде доцент және профессор қызметтерін атқарды.

М. Т. Баймаханов қоғамдық істердің көш басында жүретін белсенді азамат. Оның қажымас ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметі таң қалдырады. Ол көп жылдан бері осындай өте маңызды қоғамдық қызметтермен айналысады. Оның ғылыми-ұйымдастырушылық және баспагерлік қызметі де сан-салалы. Атап айтсақ, «Правоведение» (Ленинград- Санкт-Петербург) журналы, Ұлттық Ғылым Академиясының «Хабаршы» журналы, «Мысль», «Юридическая газета», «Право и государство», т.б. журналдарының редколлегия мүшесі.

Академик М. Т. Баймаханов 2006-2010 жылдары Қазақ мемлекеттік заң университетінің «Құқық және мемлекет» журналының бас редакторы болды, ол жоғары оқу орындарының ішінде Қазақстандағы заң ғылымдары бойынша белді баспа болды.

Мұрат Тәжі-Мұратұлы бірнеше жыл бойы республика Ғылым академиясының «Мемлекет, демократия және құқық дамуының заңдылықтары» атты проблемалық және үйлестіру Ғылыми кеңесін, республикалық «Білім» қоғамының құқықтық білімдер секциясын, ғылым мен техника саласындағы ҚазССР мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі Комитет мүшесі болды.

1976 жылдан бері Қазақтың саяси ғылымдар ассоциясының төрағасы Мұрат Тәжі-Мұратұлы айналасындағыларға шексіз адалдығымен және жұмысқа бар ынта-жігерімен құлай берілгендігімен ерекшелінетін басшылар қатарына жатады, кез-келген ұжымдық істе өзіне ауыр жүкті артуға ұмтылып тұратын қарапайым қасиетінің өзі даңғаз «әкімқұмарлықтың» карама-қарсы көрінісі екендігін дәлелдесе керек.

Академик М. Т. Баймаханов ғылым мен білімнің халықаралық дәрежеде жаһандануға байланысты Қазақстан заң ғылымының беделді өкілі ретінде әр жылдары ғалымдар, судьялардың, лекторлардың құрамында ГДР, Польша, Ұлыбритания, Мексика, Жапония, Швейцария, АҚШ, Франция, Болгария, Тайланд, т.б елдерде болды.

Мұрат Тәжі-Мұратұлы демократ-заңгерлердің Халықаралық ассоциациясының (Алжир, 1975), XI (Мәскеу, 1979), XII (Рио-де Жанейро, 1982), XIII (Париж, 1985), XIV (Вашингтон, 1989) конгресстеріне саяси ғылымдардың Халықаралық ассоциациясының мәслихатына, сондай-ақ, басқа да көптеген бұрынғы Бүкілодақтық және Ынтымақтастық елдерінің ғылыми конференцияларына, соның ішінде қоғамдық ғылымдардың методологиялық мәселелері жөніндегі Бүкілодақтық ғылыми конференцияға (Мәскеу, 1977) қатысып, баяндамалар мен хабарламалар жасады. Осы үлкен мәслихаттарға қатысушылар пікірлеріне қарағанда, бағдармалық сипатта болған М. Т. Баймахановтың сөздеріне ғана емес, оларды хабарлаудың өзі баяндамашының ғылыми атақ-дәрежесінің жоғары болып, есімі кеңінен белгілі болғандығын айқындайды. Ғалымның педагогика майданындағы қызметі де сондайлық сәтті болды, ол көптеген жылдар бойы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінде мемлекет және құқық теориясы туралы дәрістер оқыды.

Ғылыми және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі және заң ғылымын дамытудағы үлкен үлесі үшін Мұрат Тәжі-Мұратұлы Баймаханов «Парасат» орденімен, бірнеше медальдермен, Жоғарғы Кеңестің үш құрмет грамоталарымен марапатталды, Шоқан Уәлиханов және Ахмет Байтұрсынов атындағы сыйлықтарының иегері болып табылады.

Академик Мұрат Тәжі-Мұратұлы Баймаханов Қазақстан тарихында өз орны бар ардагер азамат. Ел өмірінің негізгі саласының бірі – ғылым мен оқу, білімін өркендетуге елеулі үлес қосып келе жатқан білікті маман ретінде ел құрметіне бөленіп келеді. Ол өзінің мерейтойын шығармашылық күш-қуаты кемелденген, әлі де жүзеге асыратын мол ойлар мен идеяларға толы кезінде қарсы алуда.

Бұл күндері Мұрат Тәжі-Мұратұлы 85 жасқа толған мерейтойын салықалы тірлігі, салмақты болмысымен, шығармашылық күш-қуаты мол ойлар мен идеяларға толы шағында қарсы алуы бәрімізді қуантады.

*Раушанбек Әбсамтаров, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі,
философия ғылымдарының докторы, профессор;
Әміржан Шалтыков, саяси ғылымдарының докторы, профессор*